

"Әлеуметтік қызметтер (протездік-ортопедиялық бұйымдарды жобалау, жасау және жөндеу)" кәсіптік стандартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 30 қыркүйектегі № 393 бұйрығы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз

"Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 5-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес қоса беріліп отырған "Әлеуметтік қызметтер (протездік-ортопедиялық бұйымдарды жобалау, жасау және жөндеу)" кәсіптік стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Инклюзия департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Министр

С. Жақыпова

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің
2024 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 393 бұйрығымен
бекітілген

"Әлеуметтік қызметтер (протездік-ортопедиялық бұйымдарды жобалау, жасау және жөндеу)" кәсіптік стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Әлеуметтік қызметтер (протездік-ортопедиялық бұйымдарды жобалау, жасау және жөндеу)" кәсіптік стандарты біліктілік пен құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайды, сондай-ақ ұйымдарда протездік-ортопедиялық бұйымдарды жобалау, жасау және жөндеу жөніндегі жұмыстарға арналған міндеттердің кең ауқымын шешуге арналған.

2. Кәсіптік стандартты мынадай пайдаланушылар:

1) жұмыскерлер – протездік-ортопедиялық қызмет саласындағы кәсіби қызметке қойылатын талаптарды түсіну, өзінің кәсіби дамуы мен біліктілігін арттыруды жоспарлау, сондай-ақ бейінді бағыт бойынша мансаптық ілгерілеуді болжамдау үшін;

2) жұмыс берушілер – протездік-ортопедиялық қызмет саласындағы кәсіби қызметтің мазмұнына қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу, еңбек нарығының заманауи қажеттіліктеріне жауап беретін жұмыскерлердің біліктілігіне қойылатын талаптарды жаңарту, персоналды жалдау және аттестаттау кезінде өлшемшарттарды қалыптастыру, сондай-ақ кадрлардың біліктілігін арттыру, дамыту, ілгерілету және ротациялау бағдарламаларын жасау үшін;

3) білім беру және оқу орындары – протездік-ортопедиялық қызмет саласында мамандар даярлау, бейіндік бағыттардың басшылары мен мамандарын қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыру бойынша білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен мазмұнын айқындау, протездік-ортопедиялық қызмет саласында оқытушылар мен сарапшыларды кәсіптік қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін дамыту үшін ;

4) сертификаттау және біліктілік беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар (органдар) – персоналды сертификаттау кезінде бағалау материалдарын әзірлеу және сәйкестік деңгейі бойынша жұмыскерлердің біліктілік өлшемшарттарын әзірлеу үшін;

5) мемлекеттік органдар – кәсіптік стандартты еңбек нарығын мониторингтеу және болжамдау өлшемшарттары ретінде пайдалану үшін қолданады.

Осы кәсіптік стандарттың негізінде ұйымдар өндірісті, еңбек пен басқаруды, олардың жауапкершілігін, өндірісті ұйымдастыру ерекшеліктерін ескере отырып, еңбек функцияларының, білімдері мен дағдыларының тізбесін нақтылай отырып, ішкі қолдану үшін жұмыскерлерге арналған корпоративтік кәсіптік стандарттарды әзірлей алады.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) білім – кәсіптік міндет шеңберінде іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті зерделенген және меңгерілген ақпарат;

2) біліктілік – жұмыскердің біліктілік даярлығының дәрежесі, белгілі бір күрделі дәрежедегі жұмысты орындауда қажет білімінің, икемділігі мен дағдыларының болуы;

3) біліктілік деңгейі – күрделіліктің параметрлері бойынша стандартты емес еңбек әрекеттерімен, жауапкершілігімен және тәуелсіздігімен сараланатын жұмыскердің даярлық деңгейі мен құзыреттілігіне қойылатын талаптар жиынтығы;

4) дағды – кәсіптік міндетті толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен машықты қолдану қабілеті;

5) информалды білім – білім беру ұйымдарынан және білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдардан тыс күнделікті қызмет барысында алынатын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат берілмей жүргізілетін білім беру түрі;

6) кәсіп – жеке адам жүзеге асыратын және орындалуы үшін белгілі бір біліктілікті талап ететін қызмет түрі;

7) кәсіптік кіші топ (еңбек қызметінің түрі) – кәсіптік топтың бөлігі, еңбек функцияларының тұтас жиынтығынан және оларды орындауға қажетті құзыреттіліктерден қалыптасқан кәсіптер жиынтығы;

8) кәсіптік топ (кәсіби қызмет саласы) – ортақ интеграциялық негізі бар (ұқсас немесе бір-біріне жақын міндет, объектілер, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) және еңбек функциялары мен оларды орындау үшін құзыреттіліктердің ұқсас жиынтығын көздейтін кәсіптік кіші топтардың жиынтығы;

9) құзырет – еңбек функциясын құрайтын бір немесе бірнеше кәсіптік міндетті орындауға мүмкіндік беретін дағдыны қолдану қабілеті;

10) машық – кәсіптік міндет шеңберінде жекелеген, бірлі-жарым іс-әрекетті физикалық тұрғыдан және (немесе) ақыл-оймен орындау қабілеті;

11) салалық біліктілік шеңбері – ұлттық біліктілік шеңбері негізінде, Қазақстан Республикасының кәсіптерінің ұлттық сыныптауышының, экономикалық қызмет түрлерінің сыныптауышын және салада орындалатын жұмыстардың күрделілігіне және пайдаланылатын білімнің, машықтың және құзыреттің сипатына қарай деңгейлер бойынша маманның біліктілігіне қойылатын талаптарды ескере отырып әзірленген құжат;

12) формалды емес білім беру – оқыту орны, мерзімдері мен нысаны ескерілмей, білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жоспарлаған, ұйымдастырған және жүзеге асыратын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат беріле отырып жүргізілетін білім беру түрі.

4. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

1) БА – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 16-бабы 16-1) тармақшасына сәйкес бекітілген басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы;

2) БТБА – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 16-бабының 16-1) тармақшасына сәйкес

бекітілген жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

- 3) КС – кәсіптік стандарт;
- 4) СБШ – салалық біліктілік шеңбері;
- 5) ТЖКБ – техникалық және кәсіптік білім беру;
- 6) ЭҚЖЖ – экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші.

2-тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

5. Кәсіптік стандарттың атауы: "Әлеуметтік қызметтер (протездік-ортопедиялық бұйымдарды жобалау, жасау және жөндеу)".

6. Кәсіптік стандарт коды: С32503.

7. ЭҚЖЖ сәйкес секцияны, бөлімді, топты, сыныпты және кіші сыныпты көрсету:

Өндеу өнеркәсібі:

32. Басқа да дайын бұйымдар өндірісі;

32.5 Медициналық және стоматологиялық құралдар мен керек-жарақтар өндірісі

32.50 Медициналық және стоматологиялық құралдар мен керек-жарақтар өндірісі

32.50.3 Хирургиялық және ортопедиялық құрылғылар өндірісі

8. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы:

"Әлеуметтік қызметтер (протездік-ортопедиялық бұйымдарды жобалау, жасау және жөндеу)" кәсіптік стандарты "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді.

Кәсіптік стандарт ортопедиялық аяқкиімді жобалау, модельдеу, протездік-ортопедиялық бұйымдарды жасау және жөндеу кезінде жұмыскерлердің дағдыларына, біліміне, машықтарына және жеке құзыреттеріне қойылатын тиісті талаптарға сәйкес келетін еңбек функцияларын жүйелі және құрылымдық сипаттайтын кәсіптерді қамтиды.

Осы кәсіптік стандартқа туынды лауазымдар енгізілмеген: басшылардың орынбасарлары, аға, жетекші және бас мамандар, олардың міндеттері, білімдері, машықтар мен дағдылары базалық лауазымдар негізінде айқындалады және ұйымдағы штаттық нормативтер мен кестелер негізінде белгіленеді. Аға, жетекші және бас мамандардың қажетті жұмыс өтіліне қойылатын талаптар I біліктілік санатындағы мамандар үшін көзделген талаптармен салыстырғанда 2-3 жылға артады.

"Білім" бөлімінде қамтылған теориялық және практикалық білімге қойылатын талаптармен қатар, жұмыскерлер: ішкі еңбек тәртібін, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық, өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі тәртіп пен нормаларды, санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды, жұмыс орнын ұтымды ұйымдастыру және ұстау тәртібін білуі тиіс.

Кәсіптік стандарт 6 кәсіптік кіші топты (ортопедия, протездеу, протездеудегі технология, ортездеудегі технология, ортопедиялық аяқкіім технологиясы және модельдеу, слесарлық жұмыстар) және 18 кәсіпті қамтиды.

9. Кәсіптер карточкаларының тізбесі:

- 1) ортопед-техник – СБШ бойынша 4-5-деңгей;
- 2) протезші техник – СБШ бойынша 4-5-деңгей;
- 3) протезші техник-технолог – СБШ бойынша 4-5-деңгей;
- 4) протезші инженер-технолог – СБШ бойынша 6-деңгей;
- 5) ортезші техник-технолог – СБШ бойынша 4-5 деңгейлер;
- 6) ортезші инженер-технолог – СБШ бойынша 6-деңгей;
- 7) ортопедиялық аяқкіім техник-технологы – СБШ бойынша 4-5-деңгей;
- 8) ортопедиялық аяқкіім инженер-технологы – СБШ бойынша 6-деңгей;
- 9) ортопедиялық аяқкіімді керуші (қолмен) – СБШ бойынша 1-4-деңгей;
- 10) ортопедиялық аяқкіімді құрастырушы (қолмен) – СБШ бойынша 1-4-деңгей;
- 11) ортопедиялық аяқкіімді фрезерлеуші (ортопедиялық аяқкіімді әрлеуші) – СБШ бойынша 2-4-деңгей;
- 12) ортопедиялық аяқкіім модельер-конструкторы – СБШ бойынша 3-деңгей;
- 13) ортопедиялық аяқкіімінің үстіңгі бөлігін пішуші-модельер – СБШ бойынша 2-4-деңгей;
- 14) қалыптар модельері – СБШ бойынша 3-деңгей;
- 15) ортопедиялық бұйымдарды тігуші – СБШ бойынша 1-4-деңгей;
- 16) протездік-ортопедиялық бұйымдардың механигі – СБШ бойынша 3-4-деңгей;
- 17) протездік-ортопедиялық бұйымдарды жасау және әрлеу жөніндегі қайысшы – СБШ бойынша 3-4-деңгей.
- 18) протездерді құрастырушы слесарь (ортопедиялық аяқкіім тігуші) – СБШ бойынша 3-деңгей.

3-тарау. Кәсіптер карточкалары

10. "Ортопед-техник" кәсібінің карточкасы	
Топ коды	3215-1
Қызмет атауының коды:	3215-1-002
Кәсіп атауы:	ортопед-техник
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4
СБШ бойынша біліктіліктің кіші деңгейі:	4.0 – санаты жоқ; 4.1. – 2-санат; 4.2. – 1-санат
	"Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты

<p>БТБА, БА және ұйымдар қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі</p>	<p>әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22003 болып тіркелген).</p> <p>105-параграф, 626-тармақ, техник:</p> <p>I санаттағы техник: тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білімі және II санаттағы техник лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл;</p> <p>II санаттағы техник: тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білімі және санаты жоқ техник лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл;</p> <p>санаты жоқ техник: тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білімі, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды.</p>		
<p>Кәсіптік білім деңгейі:</p>	<p>Білім деңгейі: ТжКБ (орта буын маманы), орта медициналық</p>	<p>Мамандық: 07231000 Аяккіім ісі 07231100 Аяккіім өндірісі (түрлері бойынша) Ортопедия саласындағы мамандандыру</p>	<p>Біліктілік: 4S07231104 Техник-технолог</p>
<p>Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:</p>	<p>Техникалық және кәсіптік (орта арнаулы, орта кәсіптік) білімнің болуы: санаты жоқ техник: жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды</p> <p>II санаттағы техник: санаты жоқ техник лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл;</p> <p>I санаттағы техник: II санаттағы техник лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл.</p>		
<p>Формалды емес және информалды біліммен байланыс:</p>	<p>Білім беру ұйымының базасында біліктілікті арттыру курстары немесе ұйымда (кәсіпорында) оқыту; "skills.enbek.kz" платформасында кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың қысқа мерзімді курстары</p>		
<p>Кәсіптердің басқа да ықтимал атаулары:</p>	<p>3215-1-001 протезші 3215-2-001 протезші механик</p>		
<p>Қызметтің негізгі мақсаты:</p>	<p>Медициналық бөлімде және көшпелі бригадалар құрамында мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсету</p>		
<p>Еңбек функцияларының сипаттамасы</p>			
<p>Еңбек функцияларының тізбесі:</p>	<p>Міндетті еңбек функциялары</p>	<p>Тірек-қимыл аппараты зақымданған мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсету</p>	
	<p>Қосымша еңбек функциялары:</p>	<p>Бейіні бойынша практикалық, еңбек, цифрлық дағдыларының болуы</p>	
		<p>Машық:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Біліктілігі анағұрлым жоғары маманның басшылығымен қажетті техникалық есептеулер жүргізу, күрделі емес жобалар мен қарапайым схемаларды әзірлеу бойынша жұмыстарды орындау. 2. Ортопедиялық аяккіімге гипсті негативтер жасау. 3. Гипсті бинттер жасау. 4. Ортопедиялық аяккіімнің өлшемін алу. 5. Үлгілерді алу. 6. Гипсті позитивті өңдеу. 	

<p>Еңбек функциясы 1: Медициналық бөлімде мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсету</p>	<p>Дағды 1: Медициналық бөлімде мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсету</p>	<p>7. Гипсті позитивті сополимерлі материалмен қалыптау.</p> <p>8. Дайын ортезді тегістеу.</p> <p>9. Белдіктерді, жұмсақ төсеме материалды бекіту.</p> <p>10. Ортопедиялық аяқкиімді өлшеу.</p> <p>11. Бекітуді шақтау.</p> <p>12. Бұйымдауды шақтауға қатысу.</p> <p>13. Ортопед дәрігердің бақылауымен дайын бұйымдарды беру.</p> <p>14. Ортездік-ортопедиялық бұйымдарға техникалық қызмет көрсету бойынша рәсімдерге қатысу.</p> <p>15. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығындағы, санаторийлердегі, ауруханалардағы, мектеп-интернаттардағы науқастарға ортопед дәрігермен бірге көшпелі бригада құрамында қызмет көрсетуге қатысу.</p> <p>16. Мүгедектігі бар адамдарға протездік-ортопедиялық бұйымдарды дұрыс пайдалану жөнінде нұсқама жүргізу.</p> <p>Білу:</p> <p>1. Протездік-ортопедиялық бұйымдар өндірісін регламенттейтін ҚР заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері және басқа да әдістемелік материалдар.</p> <p>2. Адам анатомиясының негіздері.</p> <p>3. Протездік-ортопедиялық бұйымдардың, модульдердің және жартылай фабрикаттардың номенклатурасы.</p> <p>4. Тапсырыс бланкілерін толтыру тәртібі.</p> <p>5. Протездік-ортопедиялық бұйымдарды дайындау үшін өлшемдерді алу тәртібі.</p> <p>6. Протездік-ортопедиялық бұйымдарды өндіру технологиясының жалпы теориясы.</p> <p>7. Ортопедиялық аяқкиім жасау технологиясының жалпы теориясы.</p> <p>8. Протездік-ортопедиялық бұйымдарды дайындауға арналған материалдар мен құраушы бұйымдар.</p> <p>9. Буын биомеханикасының негіздері, тірек-қимыл аппаратының статикалық-динамикалық ерекшеліктері.</p> <p>10. Адамның аяқ-қолы мен денесінен негативтерді алу және позитивтер жасау тәртібі.</p> <p>11. Еңбек заңнамасының негіздері.</p> <p>12. Тіл туралы заңнама.</p> <p>13. Ішкі еңбек тәртібінің ережелері.</p> <p>14. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі тәртіп.</p> <p>15. Өндірістік санитария талаптары.</p> <p>16. Өрт қауіпсіздігі талаптары.</p>
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>-</p>	<p>-</p>

Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Қойылған міндеттерді шешуге жауапкершілік, адалдық, ұқыптылық, байланысқа бейімділік, орындаушылық тәртіп	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Медициналық қарсы көрсетілімдердің болмауы (075/у-нысан бойынша медициналық анықтама), еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтан өту, соттылықтың болмауы туралы анықтама	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	СТ 1724-2007 "Протездеу бойынша медициналық-техникалық көмек көрсету және протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету. Жалпы талаптар"; ҚР СТ 68 "Халықтың жеке тапсырыстары бойынша дайындалған протездік-ортопедиялық бұйымдар. Жалпы техникалық шарттар".	
СБШ шеңберіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	4	протезші техник
	4	протезші техник-технолог
	4	ортезші техник-технолог
	4	ортопедиялық аяқкиімнің техник-технологы
5	ортезші техник	

11. "Ортопед-техник" кәсібінің карточкасы			
Топ коды	3215-1		
Қызмет атауының коды	3215-1-002		
Кәсіп атауы:	Ортопед-техник		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	5		
СБШ бойынша біліктіліктің кіші деңгейі:	5.0. – ТжКБ – жоғары санат 5.1. – ортадан кейінгі білім – санаты жоқ		
БТБА, БА және ұйымдар қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі	<p>"Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22003 болып тіркелген).</p> <p>105-параграф, 626-тармақ, техник:</p> <p>I санаттағы техник: тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білімі және II санаттағы техник лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл;</p> <p>II санаттағы техник: тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білімі және санаты жоқ техник лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл;</p> <p>санаты жоқ техник: тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білімі, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды.</p>		
Білім деңгейі:	Мамандық: 07231000 Аяқкиім ісі 07231100	Біліктілік:	

Кәсіптік білім деңгейі:	техникалық және кәсіптік (орта буын маманы) немесе орта білімнен кейінгі білім және жұмыс тәжірибесі, орта медициналық	Аяқкиім өндірісі (түрлері бойынша) Ортопедия саласындағы мамандандыру	4S07231104 Техник-технолог
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	біліктілігі орта деңгейдегі маман: ТжКБ болған кезде; жоғары санаттағы техник: мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде 5 жыл; орта білімнен кейінгі білімі болға кезде: жұмыс өтіліне талап қойылмайды		
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:	Білім беру ұйымының базасында біліктілікті арттыру курстары немесе ұйымда (кәсіпорында) оқыту; "skills.enbek.kz" платформасында кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың қысқа мерзімді курстары		
Кәсіптердің басқа да ықтимал атаулары:	3215-1-001 протезші 3215-2-001 протезші механик		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Медициналық бөлімде және көшпелі бригадалар құрамында мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсету		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары	Тірек-қимыл аппараты зақымданған мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсету	
	Қосымша еңбек функциялары:	Бейіні бойынша практикалық, еңбек, цифрлық дағдыларының болуы	
Еңбек функциясы 1:		<p>Машық:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қажетті техникалық есептеулер жүргізу, жобалар мен қарапайым схемаларды әзірлеу. 2. Есептеулердің техникалық тапсырмаларға, қолданыстағы стандарттар мен нормативтік құжаттарға сәйкес келуін қамтамасыз ету. 3. Жұмыста заманауи техникалық құралдарды пайдалану бойынша қажетті шаралар қабылдау. 4. Ортопедиялық аяқкиімге гипсті негативтер жасау. 5. Гипсті бинттер жасау. 6. Ортопедиялық аяқкиімнің өлшемін алу. 7. Неготомия жүргізу (үлгілерді алу). 8. Гипсті позитивті өңдеу. 9. Гипсті позитивті сополимерлі материалмен қалыптау. 10. Дайын ортезді тегістеу. 	

<p>Медициналық бөлімде мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсету</p>	<p>Дағды 1: Медициналық бөлімде мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсету</p>	<ol style="list-style-type: none"> 11. Ортезді бұйымдарды соңғы рет өңдеу (белдіктерді, жұмсақ төсеме материалды бекіту). 12. Ортопедиялық аяқкиімді өлшеу. 13. Бекітуді шақтау. 14. Бұйымдарды шақтау. 15. Ортопед дәрігердің бақылауымен дайын бұйымдарды беру. 16. Ортездік-ортопедиялық бұйымдарға техникалық қызмет көрсету бойынша рәсімдерін жүргізу. 17. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығындағы, санаторийлердегі, ауруханалардағы, мектеп-интернаттардағы науқастарға ортопед дәрігермен бірге көшпелі бригада құрамында қызмет көрсету. 18. Мүгедектігі бар адамдарға протездік-ортопедиялық бұйымдарды дұрыс пайдалану жөнінде нұсқама жүргізу.
		<p>Білу:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Протездік-ортопедиялық бұйымдар өндірісін регламенттейтін ҚР заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері және басқа да әдістемелік материалдар. 2. Адам анатомиясының негіздері. 3. Протездік-ортопедиялық бұйымдардың, модульдердің және жартылай фабрикалардың номенклатурасы. 4. Тапсырыс бланкілерін толтыру тәртібі. 5. Протездік-ортопедиялық бұйымдарды дайындау үшін өлшемдерді алу тәртібі. 6. Протездік-ортопедиялық бұйымдарды өндіру технологиясының теориясы. 7. Ортопедиялық аяқкиім жасау технологиясының теориясы. 8. Протездік-ортопедиялық бұйымдарды дайындауға арналған материалдар мен құраушы бұйымдар.

		<p>9. Буын биомеханикасының негіздері, тірек-қимыл аппаратының статикалық-динамикалық ерекшеліктері.</p> <p>10. Адамның аяқ-қолы мен денесінен негативтер алу және позитивтер жасау тәртібі.</p> <p>11. Еңбек заңнамасының негіздері.</p> <p>12. Тіл туралы заңнама.</p> <p>13. Ішкі еңбек тәртібінің ережелері.</p> <p>14. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі тәртіп;</p> <p>15. Өндірістік санитария талаптары.</p> <p>16. Өрт қауіпсіздігі талаптары.</p>
Дағдыны тану мүмкіндігі:		-
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Қойылған міндеттерді шешуге жауапкершілік, адалдық, ұқыптылық, байланысқа бейімділік, орындаушылық тәртіп, тұлғааралық құзыреттілік, нәтиже мен тиімділікке бағдарлану	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Медициналық қарсы көрсетілімдердің болмауы (075/у-нысан бойынша медициналық анықтама), еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтан өту, соттылықтың болмауы туралы анықтама	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	СТ 1724-2007 "Протездеу бойынша медициналық-техникалық көмек көрсету және протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету. Жалпы талаптар"; ҚР СТ 68 "Халықтың жеке тапсырыстары бойынша дайындалған протездік-ортопедиялық бұйымдар. Жалпы техникалық шарттар".	
С Б Ш шеңберіндегі баcка кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	5	протезші техник
	5	протезші техник-технолог
	5	ортезші техник-технолог
	5	ортопедиялық аяқкиімнің техник-технологы
6	ортезші инженер-технолог	
12. "Протезші техник" кәсібінің карточкасы		
Топ коды	3215-1	
Қызмет атауының коды:	3215-1-001	
Кәсіп атауы:	Протезші техник	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	4	
	4.0. – санаты жоқ;	

СБШ бойынша біліктіліктің кіші деңгейі:	4.1. – 2 санат; 4.2. – 1 санат		
БТБА, БА және ұйымдар қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі	<p>"Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22003 болып тіркелген).</p> <p>108-параграф, 635-тармақ, техник-конструктор:</p> <p>I санаттағы техник-конструктор: тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білімі және II санаттағы техник лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл;</p> <p>II санаттағы техник-конструктор: тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білімі және II санаттағы техник лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл;</p> <p>санаты жоқ техник-конструктор: тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білімі, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды.</p>		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: техникалық және кәсіптік білім (орта буын маманы) орта медициналық	07231000 Аяқкиім ісі 07231100 Аяқкиім өндірісі (түрлері бойынша) Протездеу және ортездеу саласындағы мамандандыру	Біліктілік: 4S07231104 Техник-технолог
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	<p>Техникалық және кәсіптік (орта арнаулы, орта кәсіптік) білімнің болуы: санаты жоқ техник: жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды</p> <p>II санаттағы техник: санаты жоқ техник лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл;</p> <p>I санаттағы техник: II санаттағы техник лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл.</p>		
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:	<p>Білім беру ұйымының базасында біліктілікті арттыру курстары немесе ұйымда (кәсіпорында) оқыту;</p> <p>"skills.enbek.kz" платформасында кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың қысқа мерзімді курстары</p>		
Кәсіптердің басқа да ықтимал атаулары:	<p>3215-1-001 протезші</p> <p>3215-1-002 ортопед-техник</p> <p>3215-2-001 протезші механик</p>		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Медициналық бөлімде және көшпелі бригадалар құрамында мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсету		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары	Тірек-қимыл аппараты зақымданған мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсету	
	Қосымша еңбек функциялары:	Бейіні бойынша практикалық, еңбек, цифрлық дағдыларының болуы	

Еңбек функциясы 1: Медициналық бөлімде мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсету

Дағды 1: Медициналық бөлімде мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсету

Машық:

1. Біліктілігі анағұрлым жоғары маманның басшылығымен қажетті техникалық есептеулерді жүргізу, қарапайым жобалар мен қарапайым схемаларды әзірлеу бойынша жұмыстарды орындау.
2. Анағұрлым білікті маманның басшылығымен жеке және шағын сериялы өндірістің күрделілігі орташа бұйымдарын және ірі сериялы және жаппай өндірістің қарапайым бұйымдарын құрастыру.
3. Қол мен аяқтарға, денеге арналған протездер мен ортездерге (аппараттарға, тугторларға) гипсті негативді дайындау.
4. Гипсті бинттер жасау.
5. Қол мен аяқтарға, денеге арналған протездер мен ортездерге (аппараттарға, тугторларға) өлшем алу.
6. Қол мен аяқтардың протездерін, ортездерін (аппараттарын, тугторларын) өлшеу.
7. Бекітуді шақтау.
8. Протездеуші дәрігердің бақылауымен дайын бұйымдарды беру.
9. Протездер мен ілеспе бұйымдарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі рәсімдерге қатысу.
10. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығындағы, санаторийлердегі, ауруханалардағы, мектеп-интернаттардағы науқастарға ортопед-дәрігермен бірге көшпелі бригада құрамында қызмет көрсетуге қатысу.
11. Мүгедектігі бар адамдарға протездік-ортопедиялық бұйымдарды дұрыс пайдалану жөнінде нұсқама жүргізу.

Білу:

1. Протездік-ортопедиялық бұйымдар өндірісін регламенттейтін ҚР заңнамалық

		<p>және өзге де нормативтік құқықтық актілері және басқа да әдістемелік материалдар.</p> <p>2. Адам анатомиясының негіздері.</p> <p>3. Протездік-ортопедиялық бұйымдардың, модульдердің және жартылай фабрикаттардың номенклатурасы.</p> <p>4. Тапсырыс бланкілерін толтыру тәртібі.</p> <p>5. Протездік-ортопедиялық бұйымдарды дайындау үшін өлшемдерді алу тәртібі.</p> <p>6. Протездік-ортопедиялық бұйымдарды өндіру технологиясының негіздері.</p> <p>7. Протез жасау, ортез жасаудың жалпы теориясы;</p> <p>8. Протездік-ортопедиялық бұйымдарды дайындауға арналған материалдар мен құраушы бұйымдар.</p> <p>9. Буын биомеханикасының негіздері, тірек-қимыл аппаратының статикалық-динамикалық ерекшеліктері.</p> <p>10. Адамның аяқ-қолы мен денесінен негативтер алу және позитивтер жасау тәртібі.</p> <p>11. Еңбек заңнамасының негіздері.</p> <p>12. Тіл туралы заңнама.</p> <p>13. Ішкі еңбек тәртібінің ережелері.</p> <p>14. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі тәртіп.</p> <p>15. Өндірістік санитария талаптары.</p> <p>16. Өрт қауіпсіздігі талаптары.</p>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Ж е к е құзыреттерге қойылатын талаптар:	Қойылған міндеттерді шешуге жауапкершілік, адалдық, ұқыптылық, байланысқа бейімділік, орындаушылық тәртіп, тұлғааралық құзыреттілік, нәтиже мен тиімділікке бағдарлану	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Медициналық қарсы көрсетілімдердің болмауы (075/у-нысан бойынша медициналық анықтама), еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтан өту, соттылықтың болмауы туралы анықтама	
Техникалық регламенттер	СТ 1724-2007 "Протездеу бойынша медициналық-техникалық көмек көрсету және протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету. Жалпы талаптар";	

мен ұлттық стандарттардың тізімі:	ҚР СТ 68 "Халықтың жеке тапсырыстары бойынша дайындалған протездік-ортопедиялық бұйымдар. Жалпы техникалық шарттар".		
С Б Ш шеңберіндегі б а с қ а кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі:		Кәсіп атауы
	4		протезші техник
	4		протезші техник-технолог
	4		ортезиші техник-технолог
	4		ортопедиялық аяқкиімнің техник-технологы
5		ортезші техник	
13. "Протезші техник" кәсібінің карточкасы:			
Топ коды	3215-1		
Қызмет атауының коды	3215-1-001		
Кәсіп атауы:	Протезші техник		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	5		
СБШ бойынша біліктіліктің кіші деңгейі:	5.0. – ТжКБ – жоғары санат 5.1. – ортадан кейінгі білім – санаты жоқ		
ЖЖКБТБА, БА және ұйымдар қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі	"Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22003 болып тіркелген). 105-параграф, 626-тармақ, техник: I санаттағы техник: тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білімі және II санаттағы техник лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл; II санаттағы техник: тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білімі және санаты жоқ техник лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл; санаты жоқ техник: тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білімі, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды.		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: техникалық және кәсіптік (орта буын маманы) немесе орта білімнен кейінгі білім, орта медициналық	07231000 Аяқкиім ісі 07231100 Аяқкиім өндірісі (түрлері бойынша) Протездеу және ортездеу саласындағы мамандандыру	Біліктілік: 4S07231104 Техник-технолог
Жұмыс тәжірибесіне	Біліктілігі орта деңгейдегі маман: техникалық және кәсіптік білім болған кезде:		

қойылатын талаптар	жоғары санаттағы техник: мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде бес жыл; орта білімнен кейінгі білімі болған кезде: жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды	
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:	Білім беру ұйымының базасында біліктілікті арттыру курстары немесе ұйымда (кәсіпорында) оқыту; "skills.enbek.kz" платформасында кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың қысқа мерзімді курстары	
Кәсіптердің басқа да ықтимал атаулары:	3215-1-002 ортопед техник 3215-2-001 протезші механик	
Қызметтің негізгі мақсаты:	Медициналық бөлімде және көшпелі бригадалар құрамында мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсету	
Еңбек функцияларының сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары	Тірек-қимыл аппараты зақымданған мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсету
	Қосымша еңбек функциялары:	Бейіні бойынша практикалық, еңбек, цифрлық дағдыларының болуы
		<p>Машық:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қажетті техникалық есептеулерді жүргізу, күрделі емес жобалар мен қарапайым схемаларды әзірлеу. 2. Жеке және шағын сериялы өндірістің күрделілігі орташа бұйымдарын және ірі сериялы және жаппай өндірістің қарапайым бұйымдарын құрастыру. 3. Әзірленіп жатқан конструкциялардың техникалық тапсырмаларға, қолданыстағы стандарттарға, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормаларға, жобалау кезінде еңбекті ұтымды ұйымдастыру талаптарына, өндірістің неғұрлым үнемді технологиясына сәйкестігін қамтамасыз ету, сондай-ақ оларда стандартталған және біріздендірілген бөлшектер мен құрастыру бірліктерін пайдалану. 4. Ұйым шығаратын өнімнің жаңа және жаңғыртылған конструкциялары бұйымдарының, тораптарының, жүйелері мен бөлшектерінің тәжірибелік үлгілерін сынауға, сынақ нәтижелерін ресімдеуге, сондай-ақ

Еңбек функциясы 1: Медициналық бөлімде мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсету

Дағды 1: Медициналық бөлімде мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсету

құрастырылатын бұйымдарды жетілдіру, жаңғырту және біріздендіру жөніндегі жұмысқа қатысу.

5. Қол мен аяқтарға, денеге арналған протездер мен ортездерге (аппараттарға, тугторларға) гипсті негативтер дайындау.

6. Гипсті бинттер жасау.

7. Қол мен аяқтарға, денеге арналған протездер мен ортездерге (аппараттарға, тугторларға) өлшем алу.

8. Қол мен аяқтардың протездерін, ортездерін (аппараттарын, тугторларын) өлшеу.

9. Бекітуді шақтау.

10. Протезуші дәрігердің бақылауымен дайын бұйымдарды беру.

11. Протездер мен ілеспе бұйымдарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу.

12. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығындағы, санаторийлердегі, ауруханалардағы, мектеп-интернаттардағы науқастарға ортопед дәрігермен бірге көшпелі бригада құрамында қызмет көрсетуге қатысу.

13. Мүгедектігі бар адамдарға протездік-ортопедиялық бұйымдарды дұрыс пайдалану жөнінде нұсқама жүргізу.

Білу:

1. Протездік-ортопедиялық бұйымдар өндірісін регламенттейтін ҚР заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері және басқа да әдістемелік материалдар.

2. Адам анатомиясының негіздері.

3. Протездік-ортопедиялық бұйымдардың, модульдердің және жартылай фабрикаттардың номенклатурасы.

4. Тапсырыс бланкілерін толтыру тәртібі.

5. Протездік-ортопедиялық бұйымдарды дайындау үшін өлшемдерді алу тәртібі.

		<p>6. Протездік-ортопедиялық бұйымдарды өндіру технологиясы.</p> <p>7. Протез жасау, ортез жасау теориясы.</p> <p>8. Протездік-ортопедиялық бұйымдарды дайындауға арналған материалдар мен құраушы бұйымдар.</p> <p>9. Буын биомеханикасының негіздері, тірек-қимыл аппаратының статикалық-динамикалық ерекшеліктері.</p> <p>10. Адамның аяқ-қолы мен денесінен негативтер алу және позитивтер жасау тәртібі.</p> <p>11. Еңбек заңнамасының негіздері.</p> <p>12. Тіл туралы заңнама.</p> <p>13. Ішкі еңбек тәртібінің ережелері.</p> <p>14. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі тәртіп.</p> <p>15. Өндірістік санитария талаптары.</p> <p>16. Өрт қауіпсіздігі талаптары.</p>
Дағдыны тану мүмкіндігі:		-
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Қойылған міндеттерді шешуге жауапкершілік, адалдық, ұқыптылық, байланысқа бейімділік, орындаушылық тәртіп, тұлғааралық құзыреттілік, нәтиже мен тиімділікке бағдарлану	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Медициналық қарсы көрсетілімдердің болмауы (075/у-нысан бойынша медициналық анықтама), еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтан өту, соттылықтың болмауы туралы анықтама	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	СТ 1724-2007 "Протездеу бойынша медициналық-техникалық көмек көрсету және протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету. Жалпы талаптар"; ҚР СТ 68 "Халықтың жеке тапсырыстары бойынша дайындалған протездік-ортопедиялық бұйымдар. Жалпы техникалық шарттар".	
С Б Ш шеңберіндегі баc қа кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі:	Кәсіп атауы
	5	протезші техник
	5	протезші техник-технолог
	5	ортезші техник-технолог
	5	ортопедиялық аяқкиімнің техник-технологы
6	ортезші инженер-технолог	
14. "Протезші техник-технолог" кәсібінің карточкасы		
Топ коды	3112-1	

Қызмет атауының коды	3112-1-005 "Техник-технолог (технолог), жалпы бейін"		
Кәсіп атауы:	протезші техник-технолог		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4		
СБШ бойынша біліктіліктің кіші деңгейі:	4.0. – санаты жоқ; 4.1. – 2 санат; 4.2. – 1 санат		
БТБА, БА және ұйымдар қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі	<p>"Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22003 болып тіркелген).</p> <p>109-параграф, 638-тармақ, техник-технолог:</p> <p>I санаттағы техник-технолог: тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білімі және II санаттағы техник лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл;</p> <p>II санаттағы техник-технолог: тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білімі және санаты жоқ техник лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл;</p> <p>санаты жоқ техник-технолог: тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білімі, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды.</p>		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (орта буын маманы), орта медициналық	Мамандық: 07231000 Аяқкиім ісі 07231100 Аяқкиім өндірісі (түрлері бойынша) Ортопедия саласындағы мамандану	Біліктілік: 4S07231104 Техник-технолог
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар	техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, кәсіптік орта) білімнің болуы: санаты жоқ техник: жұмыс өтіліне талап қойылмайды II санаттағы техник: санаты жоқ техник лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл; I санаттағы техник: II санаттағы техник лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл		
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:	Білім беру ұйымының базасында біліктілікті арттыру курстары немесе ұйымда (кәсіпорында) оқыту; "skills.enbek.kz" платформасында кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың қысқа мерзімді курстары		
Кәсіптердің басқа да ықтимал атаулары:	ортопедиялық аяқкиім техник-технологы; ортезші техник-технолог		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Протездік-ортопедиялық бұйымдарды оңтайлы шақтауды қамтамасыз ету үшін әзірлемелерді қамтамасыз ету		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			

Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары	Протездік-ортопедиялық бұйымдарды жасау бойынша технологиялық өндірістік процестерді ұйымдастыруға қатысу
Еңбек функциясы 1: Протездік-ортопедиялық бұйымдарды жасау бойынша технологиялық өндірістік процестерді ұйымдастыруға қатысу	Қосымша еңбек функциялары: Дағды 1: Протездік-ортопедиялық бұйымдарды жасау үшін еспетеулерді орындау, күрделі емес жобаларды әзірлеу	Бейіні бойынша практикалық, еңбек, цифрлық дағдыларының болуы Машық: 1. Біліктілігі анағұрлым жоғары маманның басшылығымен қажетті техникалық есептеулерді жүргізу, күрделі емес жобалар мен қарапайым схемаларды әзірлеу бойынша жұмыстарды орындау. 2. Протездік-ортопедиялық бұйымдарды жасау бойынша өндірістік процестерді орындауды техникалық қолдауға қатысу. 3. Мүгедектігі бар адамдардың қажеттіліктеріне сәйкес протездік бұйымдарды дербес модельдеуді жүргізуге қатысу. 4. Пайдаланушыларды бұйымдарды дұрыс қолдануға, пайдалану, қауіпсіздік және еңбекті қорғау қағидаларын сақтауға үйретуге қатысу. 5. Технологиялық жабдықтарды сынауға, жобаланатын технологиялық процестер мен өндіріс режимдерін тексеру және игеру бойынша сараптамалық жұмыстарды жүргізуге қатысу. Білу: 1. Адам анатомиясының негіздері. 2. Протездік-ортопедиялық бұйымдарды тағайындау мен қолданудың медициналық аспектілері. 3. Мүгедектігі бар адамдарды тұрмыстық бейімдеу әдістемелерін білу. 4. Протездік-ортопедиялық бұйымдарды дайындау үшін өлшемдерді алу тәртібі. 5. Техникалық есептеулерді жүргізу тәртібі, күрделі емес жобалар мен қарапайым схемаларды әзірлеу. 6. 3-D форматында сызбалар, суреттер жасау негіздері. 7. Протездерді жобалау негіздері. 8. Еңбек заңнамасының негіздері. 9. Тіл туралы заңнама. 10. Ішкі еңбек тәртібінің ережелері. 11. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі тәртіп. 12. Өндірістік санитария талаптары. 13. Өрт қауіпсіздігі талаптары.
Дағдыны тану мүмкіндігі:		-
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Қойылған міндеттерді шешуге жауапкершілік, адалдық, ұқыптылық, байланысқа бейімділік, орындаушылық тәртіп, тұлғааралық құзыреттілік, нәтиже мен тиімділікке бағдарлану	
Жұмысқа жіберудің		

ерекше шарттары	Медициналық қарсы көрсетілімдердің болмауы (075/у-нысан бойынша медициналық анықтама), еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтан өту, соттылықтың болмауы туралы анықтама		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	СТ 1724-2007 "Протездеу бойынша медициналық-техникалық көмек көрсету және протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету. Жалпы талаптар". ҚР СТ 68 "Халықтың жеке тапсырыстары бойынша дайындалған протездік-ортопедиялық бұйымдар. Жалпы техникалық шарттар".		
С Б Ш шеңберіндегі б а с қ а кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі:	Кәсіп атауы	
	4	ортопед техник	
	4	протезші техник	
	4	ортезші техник-технолог	
	4	ортопедиялық аяккіімнің техник-технологы	
5	протезші техник-технолог		
15. "Протезші техник-технолог" кәсібінің карточкасы			
Топ коды	3112-1		
Қызмет атауының коды	3112-1-005 "Техник-технолог (технолог), жалпы бейін"		
Кәсіп атауы:	Протезші техник-технолог		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	5		
СБШ бойынша біліктіліктің кіші деңгейі:	5.0. – ТжКБ – жоғары санат 5.1. – ортадан кейінгі білім – санаты жоқ		
БТБА, БА және ұйымдар қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі	"Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22003 болып тіркелген). 105-параграф, 626-тармақ, техник: I санаттағы техник: тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білімі және II санаттағы техник лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл; II санаттағы техник: тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білімі және санаты жоқ техник лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл; санаты жоқ техник: тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білімі, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды.		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: техникалық және кәсіптік (орта буын маманы) немесе орта білімнен кейінгі білім, орта медициналық	07231000 Аяқкіім ісі 07231100 Аяқкіім өндірісі (түрлері бойынша) Протездеу және ортездеу	Біліктілік: 4S07231104 Техник-технолог

		саласындағы мамандандыру
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар	Біліктілігі орта деңгейдегі маман: техникалық және кәсіптік білім болған кезде: жоғары санаттағы техник: мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс өтілі; орта білімнен кейінгі білімі болған кезде: жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды	
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:	Білім беру ұйымының базасында біліктілікті арттыру курстары немесе ұйымда (кәсіпорында) оқыту; "skills.enbek.kz" платформасында кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың қысқа мерзімді курстары	
Кәсіптердің басқа да ықтимал атаулары:	ортопедиялық аяқкіім техник-технологы ортезші техник-технолог	
Қызметтің негізгі мақсаты:	Медициналық бөлімде және көшпелі бригадалар құрамында мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсету	
Еңбек функцияларының сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары	Протездік-ортопедиялық бұйымдарды жасау бойынша технологиялық өндірістік процестерді ұйымдастыру жөніндегі жұмыстарды орындау
	Қосымша еңбек функциялары:	Бейіні бойынша практикалық, еңбек, цифрлық дағдыларының болуы
Еңбек функциясы 1:		Машық: 1. Қажетті техникалық есептеулерді жүргізу, күрделі емес жобалар мен қарапайым схемаларды әзірлеу. 2. Протездік-ортопедиялық бұйымдарды жасау бойынша өндірістік процестердің орындалуын техникалық қолдау. 3. Мүгедектігі бар адамдардың қажеттіліктеріне сәйкес протездік бұйымдарды дербес модельдеуді жүргізу. 4. Жаңа технологияларды, оның ішінде протездік-ортопедиялық бұйымдардың цифрлық және конструкцияларын енгізуді ұйымдастыруға қатысу. 5. Пайдаланушыларды бұйымдарды дұрыс қолдануға, пайдалану тәртібін, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды сақтауға үйрету. 6. Технологиялық жабдықтарды сынауға қатысу.

Протездік-ортопедиялық бұйымдарды жасау бойынша технологиялық өндірістік процестерді ұйымдастыру жұмыстарын орындау	Дағды 1: Протездік-ортопедиялық бұйымдарды жасау үшін есептеулерді орындау, күрделі емес жобаларды әзірлеу	7. Жобаланатын технологиялық процестер мен өндіріс режимдерін тексеру және игеру бойынша сараптамалық жұмыстар жүргізу. Білу: 1. Адам анатомиясының негіздері. 2. Протездік-ортопедиялық бұйымдарды тағайындау мен қолданудың медициналық аспектілері. 3. Мүгедектігі бар адамдарды тұрмыстық бейімдеу әдістемелерін білу. 4. Протездік-ортопедиялық бұйымдарды жасау үшін өлшемдерді алу тәртібі; 5. Техникалық есептеулерді жүргізу тәртібі, күрделі емес жобалар мен қарапайым схемаларды әзірлеу. 6. 3-D форматында сызбалар, суреттер жасау негіздері. 7. Протездерді жобалау негіздері. 8. Еңбек заңнамасының негіздері. 9. Тіл туралы заңнама. 10. Ішкі еңбек тәртібінің ережелері. 11. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі тәртіп. 12. Өндірістік санитария талаптары. 13. Өрт қауіпсіздігі талаптары.
Дағдыны тану мүмкіндігі:		-
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Қойылған міндеттерді шешуге жауапкершілік, адалдық, ұқыптылық, байланысқа бейімділік, орындаушылық тәртіп, тұлғааралық құзыреттілік, нәтиже мен тиімділікке бағдарлану	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Медициналық қарсы көрсетілімдердің болмауы (075/у-нысан бойынша медициналық анықтама), еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтан өту, соттылықтың болмауы туралы анықтама	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	СТ 1724-2007 "Протездеу бойынша медициналық-техникалық көмек көрсету және протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету. Жалпы талаптар"; ҚР СТ 68 "Халықтың жеке тапсырыстары бойынша дайындалған протездік-ортопедиялық бұйымдар. Жалпы техникалық шарттар".	
С Б Ш шеңберіндегі	СБШ деңгейі:	Кәсіп атауы
	5	ортопед-техник
	5	протезші техник
5	ортезші техник-технолог	

б а с қ а	5	ортопедиялық аяқкиім техник-технологы протезші инженер-технолог
кәсіптермен байланыс:	6	

ЖАЛҒАСЫ

16. "Протезші инженер-технолог" кәсібінің карточкасы			
Топ коды	2144-1		
Қызметтер атауының коды:	2144-1-006		
Кәсіптің атауы:	Протезші инженер-технолог		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша кіші деңгейі:	6.0. – санаты жоқ; 6.1. – 2 санат; 6.2. – 1 санат		
БТБА, БА және ұйымдар қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі	<p>"Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22003 болып тіркелген).</p> <p>49-параграф. 458-тармақ, Инженер-технолог (Технолог):</p> <p>I санаттағы инженер-технолог: кадрлар даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі және II санатты инженер-технолог лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл;</p> <p>II санаттағы инженер-технолог: кадрлар даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі және санаты жоқ инженер-технолог лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл;</p> <p>санаты жоқ инженер-технолог: біліктілігі жоқ кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі немесе I санаттағы техник лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.</p>		
